



Ақмешіт

27 сәуір
сенбі

№33 (2043)

2024 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚР Президенті:

БІЗ СЫН САҒАТТА ЖҰРТ БОЛЫП ЖҰМЫЛДЫҚ

Мемлекет басшысы Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты XXXIII сессиясын өткізді. Жиынға Парламент Сенатына ҚХА қатарынан сайланған депутаттар, республикалық этномәдени бірлестіктердің жетекшілері мен мүшелері, Ассамблеяның еріктілері, сондай-ақ бейнебайланыс арқылы Ұйымның өңірлердегі делегаттары қатысты.

Алтай мен Атырау арасындағы ұланғайыр атырап төрінде бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп жатқан түрлі ұлт пен ұлыс өкілдері бас қосқан жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сөз басын табиғаттың тосын мінезінен зарлап шеккен өңірлердегі атқарылып жатқан жұмыспен бастады. Ел басына күн туып, жағдай қиындаған сәтте Қазақстан халқы Ассамблеясы да іске білек сыбана кіріскеніне ерекше тоқталды.

Президенттің айтуынша, еліміз осындай сындарлы шақта стратегиялық мақсат-міндеттерінен айнамайды. Аз уақыт ішінде жүргізілген саяси реформалар нәтижесінде жұмыс істей бастаған жаңа жүйе адамның заңды мүддесін, құқығы мен еркіндігін қорғауға бағытталмақ. Әділдік, инклюзивтілік, прагматизм қағидалары басты назарға алынып, елдің әлауатын арттыруды көздейтін жаңа экономикалық үлгіде жұмыс істейтін жеткізді. Сондай-ақ Мемлекет басшысы сессияның атауындағы «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» халқымыздың стратегиялық бағдарының түпкі мәнін осы үш ұғым дәл әрі нақты білдіретінін, бірлік пен ынтымақ басты құндылығымыз және мемлекеттік саясаттың бұлжымас бағдары болып қала беретінін айтты.

– Құтқарушылар, волонтерлер, мемлекеттік қызметшілер, сарбаздар, тәртіп сақшылары, қоғам белсенділері, бизнес өкілдері және жастар – бәрі бірге жүр. Ортақ істен ешкім шет қалған жоқ. Бүкіл аймақта қоғамның барлық өкілдері бір кісідей жұмылды. Отандастарымыз зарлап шеккен жандарға жаппай қол ұшын созды. Бір-біріне шынайы жанашыр болды. Мен қарғын сумен күресуге зор үлес қосқан нағыз отаншыл азаматтарға шексіз ризамын.

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

КӨШЕНІҢ САПАСЫ СӘНІНЕ ЛАЙЫҚ БОЛУЫ ТИІС



Сырдың бас қаласы – Қызылордаға келген адам көрікті көшелеріне көз салмай өтпесі анық. Сәулетті ғимараттарынан кейін оқтаудай тузу жолдары әдемі әсер сыйлайды. Иә, жайлы да жарық, кең көшелер қаланың сәні мен салтанатын асырып, мәртебесін көтеріп, ажарын аша түсері анық. Қалада жүзеге асып жатқан жүйелі жұмыстар мен қолға алынған ауқымды істер шаһарды одан әрі шырайландыра түспек.

Осы аптада қаланың әр аумағында атқарылып жатқан жұмыс барысын көруге қала әкімі Серік Қожаниязов шықты. Ясауи, Көшербаев, Сыр самалы және Нұрхабаев көшелеріндегі жөндеу жұмысын, көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларының тыныс-тіршілігін өзі көріп, мамандармен сөйлесіп, нақты тапсырма берді.

Биыл қаланың жол-көлік инфрақұрылымын дамыту үшін бюджеттің барлық көздерінен 21,5 млрд теңге қаралды. Қала көлемінде ұзындығы 46,1 шақырымды құрайтын жалпы құны 4,4 млрд теңгеге 35 көшеге орташа жол жөндеу жұмысы жүргізілуде. Сонымен қатар шаһардың негізгі көшелері саналатын Қожа Ахмет Ясауи, Е.Көшербаев, Жаппасбай батыр көшелерін кеңейтіп, 4 жолақтыға ауыстыру жұмыстары жүргізілуде. Оған республикалық және облыстық бюджеттен 6,8 млрд теңге қаралған.

– Қала көшелері сәулеттің бірыңғай үлгісі жолға қойылып, ондағы әлеуметтік нысандар мен ғимараттардың сыртқы қасбеті, оның түсі, көше

бойындағы жарықшамдар, қырғастар пішіні және тағы басқа архитектуралық формалар бір стильде болады, – дейді қала басшысы. Шаһар басшысы айтқандай, көшелердің сапасына да, сәніне де мән беріледі.

ҚАЛА КӨШЕЛЕРІНДЕГІ ҚЫЗУ ТІРЛІК

Облыс әкімінің қолдауымен қалада ауқымды жұмыстар басталды. Соның бірі – Қожа Ахмет Ясауи көшесін қайта жаңғыртуға арналады. Дәл қазіргі кезде маман сөзімен айтқандай, көшені асфальттауға дайындық басталды.

– Асфальт төсеуге дайындық басталады. Жалпы ұзындығы 3 шақырымға жуықтайтын көше 4 жолақты болып кеңейеді. Жаяу жүргіншілер жолы салынып, толығымен жарықтандырылады. Оған қоса көшенің екі жағында аяқсуға арналған суағар орнатылады, – дейді учаске бастығы Марат Серкешбаев.

2-БЕТТЕ



Біз сын сағатта жұрт болып жұмылдық. Үкімет, мемлекеттік органдар, құзырлы мекемелер және еріктілер бірлесіп жұмыс істеді. Соның арқасында 119 мыңнан астам адам дер кезінде қауіпсіз жерге көшірілді. Оның 45 мыңға жуығы – балалар. Ең бастысы, біз адам өмірін барынша сақтап қалдық, – деді Мемлекет басшысы.

Қиындықта қалған елге жан-жақты көмек беру үшін Ассамблеяның республикалық және аймақтық штабтары құрылып, «Жүректен – жүрекке» деген ауқымды акция жүргізілуде. Апат аймақтарына 1500 тоннадан астам азық-түлік және ең қажетті тауарлар жолданды. Оның жалпы сомасы шамамен 770 миллион теңгеге жеткен. Президент осы ретте этномәдени бірлестіктерге арнайы алғыс айтты.

– Су тасқынымен күреске этномәдени бірлестіктердің 12 мыңға жуық өкілі қосылды. Олар қайырымдылық және гуманитарлық көмек жинауға жұмылды. Сондай-ақ жұртты қатерден хабарлар етуге және қауіпсіз жерге көшіруге атсалысты. Мұның бәрі – өзара жанашыр және тілеулес болудың айқын көрінісі, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

2-БЕТТЕ



ШЫНЫМДЫ АЙТСАМ...



Қожахмет БАЙМАХАНОВ,
«Асар-Холдинг» ЖШС
бас директоры:

ЖАҚСЫ ӘКЕДЕН ТУҒАН ҰЛ ТАРТПАЙ ҚОЙМАС НЕГІЗГЕ

3-БЕТТЕ



МИНИСТР САПАРЫ: КЭМЕРОН КЕЛГЕН КЕЗ

Әлемдік геосаясатта Орталық Азия елдері бүгін блок ретінде саналады. Қарапайым тілмен айтсақ, алпауыт елдер Қазақстан, Өзбекстан деп бөліп қарамай, аймақтағы 5 мемлекетті тұтас альянс күйінде қабылдайды. Мұны АҚШ президентінің «C5+1», ҚХР Төрағасының «C+C5» форматында Орталық Азия елдерінің басшыларымен кездесуінен аңғару қиын емес.

Мұны айтудағы себеп, апта басында Ұлы-Британияның Сыртқы істер министрі Дэвид Кэмерон Қазақстанға келді. Келмес бұрын Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстанға соққаны бар. Бәрінде айтылған ой бір, бағыт ортақ. Білім беру бағдарламасын жетілдіру, ағылшын тілін оқыту жүйесін дамыту, энергетика саласында байланыс орнату. Осылайша, алпауыт державалардың Орталық Азия мемлекеттерін бөле-жармай, қарым-қатынас үшін бірыңғай стратегия қарастыратынына тағы куә болдық.

Орайы келгенде министр сапарының маңызын, халықаралық қатынасқа әсерін талдау жөн секілді. Себебі лауазымды тұлғаның аузынан шыққан кей сөз Қытай, Ресей, АҚШ үштігінің «Орталық Азия үшін тартысы» қыза түсетінін білдірді.

БРИТАН МҮДДЕСІ

Министрдің өзге көршілерімізге айтқан ұсынысы мен жоспарына аса тоқталмасaq та болады. Ол маңызды емес әрі сапардың себебін жабуға сылтаудай көрінеді. Тәжікстанмен әуе қатынасы, Қырғызстанмен сауда-энергетика, Өзбекстанмен инфрақұрылым туралы келісім – ресмиліктің кезекті рәсімі ғана. Мүмкін, жабық есік артында салмақты сөздер айтылған болар, бірақ ресми мәлімдеме жоқ.



Ал Қазақстанда мәселе өзге. Келісімнен көсіле сөйлеп, тарихи шешімдер қабылданды. Тарихы сол, он жылға жуық пысықталған стратегиялық серіктестік келісіміне қол жетті. Министр дәліздің төрде отырып Орталық Азия елдерінің құқығы, державалардың тартысы туралы сөз сөйледі. Бұл – жаңа деңгей, басқа мүмкіндік.

Қызығы, Кэмерон Қазақстанды қоса атап, Орталық Азия елдері қай тарапқа болысу керек деген сұраққа жауап берді. Сауда, серіктестік үшін Ресей мен Қытайға жасалған мүмкіндікті Ұлыбритания да пайдаланғысы келетінін, оларға да «қол созуымызды» сұрады.

«Қазақстанға және өзге елдерге бізді таңда немесе сауда, серіктестік қатынаста Ресей мен Қытайға мойын бұрма демейміз. Келудегі себебіміз, сіздердің бізбен байланысты таңдауға, ортақ қауіпсіздік пен дамудың мүмкіндіктері болғанын қалаймыз. Айта кету керек, сіздер өте маңызды аймақтасыздар. Бір шеті Ресей, Қытай, өзге шеті Иран мен Ауғанстан шектесіп жатыр. Мүдделер тоғысы осында. Сондықтан Ұлыбритания үшін Орталық Азияда байланыс орнату, білім беру, бизнес, климат өзгерісі турасында серіктес болу, оған қоса жастарға мүмкіндік сыйлау маңызды», – деді Кэмерон Астанада.

Қаржысыз ештеңе шешілмейтіні анық. Министр сапар барысында Орталық Азияны дамыту жобасына 50 миллион фунт стерлинг бөлінгені жеткізді. Алдағы үш жылда аймақта шағын және орта бизнес, экология, экономикалық форум бағытында жұмыс жүзеге аспақ. Сондай-ақ климаттық бағдарламаға 19,5 млн фунт стерлинг, өңірлік білім беру жобасына 6,5 млн фунт стерлинг қарастырылған. Ресми деректе бұл қаражат мемлекетаралық келісімді нығайтуға, экономикалық әлеуетті көтеруге жұмсалды деп көрсетілген.

4-БЕТТЕ

Баспасөз-2024

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?

Баспасөзге 2024 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүруде. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз тәуірде тұрсын! Жекелер үшін 6 айға – 3000 теңге, мекемелер үшін – 4000 теңге. Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚР Президенті:

БІЗ СЫН САҒАТТА ЖҰРТ БОЛЫП ЖҰМЫЛДЫҚ

Президент өзекті міндеттерді атап өтті. Ол ең бірінші Ассамблея жұмысын еліміздің жаңа гуманитарлық идеологиялық доктринасымен үйлестіру қажет деп санайды. Сонымен қатар бүгінде жаһандық катаклизм белең алып, түрлі мемлекеттер арасында әскери-саяси, сауда-экономикалық текетірес, тіпті мәдени-гуманитарлық тартыс күшейіп бара жатқанына тоқталды. Мемлекет басшысы қоғамда ұлттың қарай ерекшеленуге, оқшаулануға ұмтылған кез келген әрекетке, әсіресе, азаматтарды тіліне, ұлтына, дініне немесе мәдениетіне бола арандатуға, болмаса кемсітуге мүлде жол бермейтін орта қалыптастыру маңызды екенін айтты.

Сонымен қатар Президент Ассамблеяның институционалды әлеуетін нығайту мәселесіне арнайы тоқталып, ұйымның мемлекеттік органдармен, Парламентпен және мәслихаттармен қарым-қатынасын жақсарту тәуір екенін атап өтті.

Жиында Ассамблея жетекшілеріне мемлекеттік шешім қабылдау үдерісіне және реформаларды ілгерілету ісіне белсене қатысу, этно-әлеуметтік шиеленіс ошақтарын анықтау және мұндай оқиғалардың алдын алуға баса мән беру, Ассамблеяның әлеуметтік тұтастық пен отаншылдықты дәртіптейтін институт ретінде нығайту міндеттері жүктелді.


– Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарының мамандары этномедиацияға қатысты жұмысты қолға алды. Оның ауқымын кеңейтіп, бұл тәжірибені Ассамблеяның барлық ұйымдарына тарату қажет.

Ассамблеяның әлеуметтік тұтастық пен отаншылдықты дәртіптейтін институт ретінде нығайту керек. Ең алдымен Ақсақалдар кеңесі және Аналар кеңесі сияқты тиімді құрылымдарды дамытуға түскен абзал. Министрліктер және әкімдіктер олардың қызметіне қолдау көрсетуі қажет. Арнайы гранттар бөліп, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар беруі керек, – деді Президент.

Дүйім ел көз тастап, құлақ түрген айтулы жиында ұлттық тақырыптар да мінберге көтерілді. Ұлттың жаны саналатын тіл мәселесіне де ерекше басымдық берген Қасым-Жомарт Тоқаев халықтың көкейіндегі сауалды дөп басты.

– Тіл – көптеген мемлекет үшін өзекті мәселенің бірі. Осы мәселенің дұрыс шешілуі кез келген елдегі қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығына едәуір ықпал ететінін тарихтың өзі көрсетіп отыр. Қазақстанда да солай. Біз осы аса шетін мәселеге келгенде сыртқы-ішкі факторларды ескере отырып, стратегиялық ұстамдылық және толеранттық танытуымыз қажет. Бірақ бұл біздің мемлекеттік тілді жан-жақты дамытуға баса назар аударатынымызды жоққа шығармайды. Сонымен

Басы 1-бетте



қатар мемлекеттік тілдің дамуына айрықша назар аударуға ықпал етеді.

– Әрине, ол үшін экономика мен қаржы жүйесін одан әрі дамытып, қоғамда тиісті мәдениет қалыптастыру керек. Үкімет бұл мәселені айналысуы керек деп санаймын. Халықтың әл-ауқатын арттыру мемлекеттің басты міндеті болып қала береді. Әділетті Қазақстанды құру тұжырымдамасы – құр сөз емес, нақты жүзеге асырылып жатқан шаруа. Ол үшін нақты шаралар қабылданып, жаңа мүмкіндіктерге ұдайы жол ашылып жатыр. Мысалы, менің Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысындағы 4 инфра-құрылымдық бастаманың аясында 1 мамырдан бастап «Наурыз» атты жана ипотека бағдарламасы іске қосылады. Оны іске асыруға 8 жыл ішінде 1,7 триллион теңге жұмсалды. Соның нәтижесінде 70 мыңға жуық отбасы баспаналы болады, – деді Ұлттық құрылтайда көтерілген әрбір мәселе мен бастаманың аяқсыз қалмайтынын байқаған Президент.

«Аузы күйген үрлеп ішеді» дейді дана халқымыз. Алдағы уақытта орналасқан жердің қауіпсіздігі тұрғын үй салудағы баса назар аударарлық жағдайға айнала бермек. Өйткені қауіпті аймақтарға баспана салып, бүгінде сан соғып қалып жатқандар бар. Алдағы уақытта да табиғат тағы тосын мінз танытса, біз сақайдай сай тұрғымыз керек. Бұл – Президенттің тапсырмасы. Мемлекет басшысы бұл ұстаным әрқаз алда тұру керектігін жеткізді.

– Алапат тасқынның кесірінен мыңдаған адам мал-мүлкінен айырылып, табыссыз қалды. Сондықтан мемлекет азаматтарды қолдау үшін нақты шаралар қабылдап жатыр. Зардап шеккен әр шаңыраққа бір реттік көмек беріледі. Бұдан бөлек, шығынды санағаннан кейін жойылған немесе зақымдалған мүлік үшін де өтемақы беріледі. Мемлекет бүлінген баспаналарды жөндейді, қирап қалған үйлердің орнына жанасын салады.

Сонымен бірге өзен жағасына үй салу қауіпті, оны қайтадан су шайып кетуі мүмкін екенін ескерген жөн. Сондықтан құрылыс салатын жерді таңдағанда елді мекеннің гидрологиялық және географиялық ерекшелігін қаперде ұстаған абзал. Әкімдіктер тиісті ереже талаптарын қатаң сақтауға және азаматтарға тұрғылықты жерінен көшуі мүмкін екенін түсіндіруге тиіс. Тұрғындардың өмірі мен мүлкі қауіпті жағдайға қалдыруға болмайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Елді алаңдатқан су тасқыны өмірлік сабақ болғанымен, тигізген зардабы – жүз атанның жүгіндей. Өйткенен алдағы уақытта да оқалықтың орнын толтыру үшін мемлекет пен ғылым тонын біте байынып жұмыс істеу керек. Президент тапсырмасымен Тараздағы Қазақ гидро-мелиорация-құрылыс институты қайта құрылатын болды. Сондай-ақ Алматыдағы Сейсмология институтының да әлеуеті күшеймек. Климат өзгерістерін зерттеп, тежеуі айрықша назар аударылады. Президент жиында су шаруашылығы саласын басқару жүйесі, оның ішінде «ҚазСуШар», «Нұра топтық су құбыры» сияқты компаниялар да түгел қайта құрылатынын жеткізді.

– Елдегі бөгеттер мен бөгендердің барлығы дерлік өткен ғасырдың 50-70 жылдары салынған. Заман талабына сай су қоймалары тапшы болғандықтан, биылғы тасқынның зардабы тіпті ауыр болды. Сондықтан Қазақстанның 11 аймағында жаңадан 20 бөген салынады, тағы 15-іне күрделі жөндеу жүргізіледі. Сонда 134 елді мекенді су басу қатері едәуір азаяды.

Су ресурстарын басқару жүйесін дамыту тұжырымдамасына тасқынның алдын алу және оның салдарын азайту шаралары қосылады. Бұл шаралар халықаралық тәжірибені ескере отырып әзірленеді.

Төтенше жағдайлар министрлігінің техникалық базасын жаңартамыз. Соны арнайы техникасының, тікұшақтары мен ұшақтарының санын көбейтетін, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жиында бір-қатар азаматтарды мемлекеттік наградалармен марапаттады.

Дәулет ҚЫРДАН

Суреттер «Akorda.kz» сайтынан алынды

Осы аптада қалалық мәслихаттың әлеуметтік сала және қоғамдық қауіпсіздік, бюджет және экономикалық даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өтті.

ҚОС МӘСЕЛЕ ШЕШІМІН ТАБАДЫ

Комиссия отырысына қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев төрағалық етті. Бірлескен комиссия отырысында «Қала аумағында орналасқан қоғамдық орындар мен базарлар, сауда орындары және әлеуметтік нысандарда, қолайсыз аймақтарда санитарлық-эпидемиологиялық бақылау талаптарының сақталуы» және «Кәсіпкерлікті дамыту және қолдау, инвестиция тарту, өндіріс орындарының ашылу мәселелері туралы» мәселелері талқыланды.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Г.Сыздықова баяндама жасап, қаладағы санитарлық-эпидемиологиялық бақылау талаптарының сақталуына тоқталды.

– Базарлар мен сауда үйлеріне тұрғындар тарапынан арыз-шағымдар тіркелген жағдайда және құқықтық органдардың талаптарына сәйкес, басқарма тарапынан жоспардан тыс тексерулер жүргізіледі. Базарлар мен сауда үйлерінде санитариялық қағидалар талаптарының сақталуына мониторинг жүргізіліп отырады, – дейді басқарма басшысы.

Сондай-ақ депутаттар тарапынан қалаға қарасты қолайсыз аймақтарда көктемгі-күзгі кенелерге қарсы дезинфекция жұмыстарының мердігер мекемелер тарапынан сапалы жүргізілуін бақылау, кене шағу фактілеріне қатысты қауіпті аймақтардағы сақтандыру шаралары қатаң бақыланып, түсіндірме жұмыстары көбірек жүргізілуі, базарлар мен сауда үйлеріндегі санитарлық талаптардың орындалуына мониторинг жүргізу мақсатында депутаттармен бірлесіп топ құрып, жұмыс істеуді қолға алу жөнінде ұсыныс айтты.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша қалалық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі басшысының міндетін атқарушы М.Жетілгенов баяндама жасады.

– Осы жылдың 1 сәуіріне дейін қала бойынша тіркелген кәсіпкерлердің саны 33 507-ге жетіп, оның ішінде жұмыс істеп тұрғандар үлесі 93,6%-ды құрады. Шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар саны 66 450 адамды құрап, өсім 2%-ға ұлғайды. Сондай-ақ 527,4 млн теңгеге өнім өндіріліп, өсім 8%-ға артты.

Өткен жылы қала көлемінде құны 1,9 млрд теңгені құрайтын 4 өндіріс орны ашылып, 130 жұмыс орны құрылды. Ал биыл шыны зауытының ішінен қуаттылығы жылына 5 млн шаршы метр энергия үнемдейтін жаңа желі іске қосылды. Бүгінгі күні қондырғылардың бәрі толық жеткізіліп, құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілді. Бұған қоса, құны 26,2 млрд теңгені құрайтын 2 жобаның жобалау жұмыстары басталды.

Қалада орналасқан әмбебап сауда базарларын жаңғырту жұмыстары өз жалғасын табууда. Осының аясында 7 млрд теңге, оның ішінде биыл 3 млрд теңге инвестиция тарту көзделуде. Қала аумағындағы 3 әмбебап базары «Сауда базарларын жаңғырту жөніндегі» жол картасына енгізілген болатын. Оның ішінде «Асбол» базары бойынша құрылыс аяны дайындалған. Осы жылдың мамыр айында жобалау-сметалық құжаттамасы мен жұмыс жобасы аяқталды. Ал «Сұлтан-2» және «Сыбаға» базары бойынша жоспарға сәйкес жобалау-сметалық құжаттамасы, жұмыс жобасы әзірленіп, әскиздік жобасы бекітілді. «Сұлтан-2» базары алаңында құрылыс салынатын алаң босатылды, құрылыс жүргізілетін жер өлшеніп, қазу жұмыстары жүргізілген, – дейді бөлім басшысының міндетін атқарушы.

А. МЕНДІБАЙ

Аталған жоба бойынша құрылыс-монтаж жұмысын «Қыран» ЖШС жүргізуде. Жоспар бойынша қайта жаңғырту жұмысы күзге дейін аяқталады. Айта кету керек, қайта жаңғыртудан өтетін көшенің бойы қосымша абаттандырылады.

Мұнан бөлек, көшені абаттандыру жұмыстарына 725 млн теңге бөлінді. Мердігер мекеме «BSG Инжиниринг» ЖШС жұмысты жуық арада бастап, қараша айында аяқтамақ. Жоба бойынша темір жолдың екі бетіне тұрғындардың серуендеуіне ыңғайлы аллеялар, жаяу жүргіншілер жолы салынады.

Сондай-ақ қаладағы Елеу Көшербаев атындағы көше де жөндеуден өтуде. Құны 434 миллион теңге болатын құрылыс аясында көше жөндеуіп қана қоймайды. Жоба бойынша жаяу жүргіншілер жолы, аяқсу жүйесін жүргізу және жарық шамдарын орнату қарастырылған. Бұл жұмысты «УАД» мекемесі жүргізуде.

жөндеуден өтетін көшелер де бар. Оған қоса, бір көше жаңадан салынууда. Ал Сыр самалы көшесі салынып біткен соң оның айналасын да реттеу жұмысы жүргізіледі. Себебі көше жиегі құл-қоқысқа толы және қамыс өскен. Жарық бағаналары да назардан тыс қалмайды. Сондай-ақ каналға жақын болғандықтан мал қора салып, мал өсіріп отырғандар да бар. Бірақ алдағы уақытта заңға сәйкес оның бәрі алынады, – дейді қала басшысы.

Расында, жұмыс қарқынды жүруде. Бұл жайлы Сыр самалы көшесіне жауапты учаске шебері Берік Мырзабаев мәлімдеді.

– Негізі бұл көшенің ұзындығы 2 км, 164 метрді құрайды. Көше екі жолақты болады. Жарықтандыру мен жаяу жүргіншілер жолы қатар жүргізіледі. Сонымен қатар Сыр самалы сарқырамасына 54 метрлік жаңа су құбырын жаңғырту жұмысы да қолға алынды. Дәл осы кезде көшені жөндеуге 30 шақты адам жұмылдырылып,

КӨШЕНІҢ САПАСЫ СӘНІНЕ ЛАЙЫҚ БОЛУЫ ТИІС



Учаске бастығы Самат Қарымсақовтың айтуынша, Көшербаев көшесі 4 жолаққа кеңейтілуде.

– Жолдың ені 14 метр болады. Мұның алдында 7 метр болған. Қазіргі таңда көшеге асфальт төсеу жұмысы жүргізілуде. Жоба аясында лотоктар ауыстырылады. Жарық шамдары жаналанып, жаяу жүргіншілер жолы түседі, – дейді учаске бастығы. Бұл көше сәуір айының соңына дейін аяқталады деп жоспарлануда.

Қалада қос даңғылды байланыстыратын көше салынбақ. Н.Назарбаев даңғылынан Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылына дейінгі аралыққа жол салынууда. Ол көше Сыр самалы деп аталады.

– Қазір қалада 35 көшеге орташа жөндеу, 15 көшеге қиыршық тас төсеу жұмыстары қолға алынды. Сонымен қатар арасында төрт жолақты етіп, қайта

10 техника жұмыс істеп тұр, – дейді учаске шебері.

Мердігер мекеме «Қыран» ЖШС жобаны қыркүйек айында аяқтауды жоспарлауда. Бұл жобаның мақсаты – қала орталығында көлік кептелістерін азайтып, тұрғындарға қолайлы жағдай жасау.

АБАТТАНДЫРУ ЖҰМЫСЫ ҚАРҚЫН АЛДЫ

Осы күні қаланы абаттандыру жұмысы басталды. Көпқабатты тұрғын үй алаңына жаңа алаңдар салынып, көркейту-қоғалдандыру жұмысы да қарқын алууда. Қала әкімі аралаған келесі нысанды мақсат осы болады.

Шаһар басшысы Төле би, Әйтеке би көшелеріндегі көпқабатты үйлердің ауласында салынып жатқан алаң жұмысымен танысты. Бұл жақта спорт және балалар ойын алаңы салынып жатыр.



– Соңғы жылдары қаладағы көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларын абаттандыру жұмысы қарқын алды. Әсіресе балалар ойын алаңы көптеп салынды. Оның бәрине қаржысы бөлінген. Сондай-

Шаһар басшысы айтқандай, биыл қаланың әр аумағынан 25 алаңдық құрылысы жүргізілуде, оған облыстық бюджеттен 1 млрд теңге қаралған. Сонымен қатар құрылысы өткен жылы бастау алған қаладағы 35 көпқабатты тұрғын үйдің ауласына күрделі жөндеу жұмыстарын аяқтау үшін облыстық бюджеттен 473,7 млн теңге бөлініп, мердігер «ДаренСтрой» ЖШС құрылыс жұмыстарын жүргізуде. Сондай-ақ облыстық бюджеттен бөлінген 215,8 млн теңгеге 4 көпөтерілі тұрғын үйдің ауласына күрделі жөндеу жүргізілбек.

Айта кету керек, көпөтерілі тұрғын үйлердің қасбеттері мен шатырын да жөндеу жұмысы назардан тыс қалмайды. Жөндеу жұмысына 697,1 млн теңге бөлінді. Бұдан бөлек, демеушілік арқылы көпқабатты тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандардың қасбеттерін әрлеу жұмыстары жүргізілуде.

Ал Қожа Ахмет Яссауи көшесін абаттандыруға облыстық бюджеттен 725 млн теңге қаралса, Н.Назарбаев даңғылын абаттандыру үшін облыстық бюджеттен 262,9 млн теңге бөлініп, мердігер мекеме тарапынан құрылыс жұмыстары басталды. Сонымен бірге меценат Асқар Әубәкіровтың демеушілігімен және облыстық бюджеттен бөлінген қаржыға орталық алаңға абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Заманауи дизайнмен салынып жатқан орталық алаң жуық арада пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. Шаһарды қоғалдандыру жұмыстарын қамтамасыз ету мақсатында «Жасыл Қызылорда» мекемесі құрылды. Мекемеге биылғы жалпы жергілікті бюджеттен 702,2 млн теңге қаралып, тұқымбақ жұмысын жүзеге асыру жүйесі басталып кетті.

ТІЛШІ ТҮЙІНІ

Міне, қалада көктемгі құрылыс жұмысы қызуда. Қарқын алған тіршілік әзір тоқтамайды. Тек жұмыс сапалы атқарылуы тиіс. Бұл – қала әкімінің тиісті сала мамандарына тапсырмасы.

Ақтолығ НУРЛЫБАЙ

Суреттер қала әкімінің баспасөз қызметінен алынды

Басы 1-бетте

«Шынымды айтсам...» айдарының бүгінгі қонағы – елге белгілі Мемлекет және қоғам қайраткері Қожахмет Баймаханов. Ел мүддесі жолында еңбек еткен Сыр перзентімен сұхбат құрып, өмірлік тәжірибесі, қоғамдағы өзекті мәселелер бағытында әңгімелескен едік. Біз үшін оқырманды тың туындылармен қуанту да бір бақыт. Аталған жобаның бейнетүсірілім үлгісін де қолға алдық. Подкаст бағытындағы бейнематериалымыздың алғашқы кейіпкері Қожахмет Мәдібайұлымен болған сұхбатты да газеттің әлеуметтік желідегі парақшаларынан көре аласыздар.

Біз үшін оқырман пікірі маңызды.

«АПТАЛЫҚТЫҢ» АНЫҚТАМАСЫ:

Баймаханов Қожахмет Мәдібайұлы 1953 жылы 21 қыркүйекте Қызылорда облысы Жалағаш ауданында дүниеге келген. Томск инженерлік-құрылыс институтын бітірген. Мамандығы – инженер-құрылысшы. Әр жылдары ПТО басшысы, бас инженер, ПМК басшысы, трестердегі ПМК бастығы, совхоз директоры қызметтерін атқарған.

Еңбек жолында 1997-1999 жылдары Жалағаш ауданының әкімі қызметін атқарса, бес жыл Қызылорда қаласының әкімі болды.

«Асар-Холдинг» серіктестігінің бас директоры.

ҚР Жоғарғы Кеңесінің XIII шақырылымының депутаты, 2008-2014 жылдары ҚР Парламент Сенатының депутаты болды. «Құрмет» орденінің иегері, ҚР «Құрметті құрылысшысы».

– Аға, қайда жүрсіз? Көріңіз. Бұрын әлеуметтік желілерде өзіңіздің өмірлік тәжірибеңізбен бөлісіп, ақыл-кеңес айтып, қоғамдағы мәселелерге үн қосып отыратын едіңіз?

– Қайда жүргенде, құрылыс салып жатырмын. Осы кезде де құрылыс басынан келе жатырмын. Өзім салған тұрғын үй кешендерінің жанында бос жер бар еді, сатып алғым келіп сұрап едім, 100 миллион дейді. Баймаханов десе, 10 миллионның заты 100 миллион боп шыға келеді. «Қалада әкім боп жүргенде бәрін басып қалған, өйткені-бүйткен» дейді, кімнің аузына қақпақ боласын?! Біздікі сол құрылыс қой, бір жарым жылдай үй саласын, бір жарым жылдай оны сатасын. Өзгелер тек қорабын салып, сата береді. Ал біз дайын етіп береміз. Қаншалықты маңдай теріңді төксең, соншалықты зейнетін көресің.

– Көпшілік «Баймаханов, мінезді адам» деп жатады. Құлағымыз естіген нәрсе ғой, өзіңізге де мұндай анықтамалар жетіп жатқан шығар... Мінезді қай жерде көрсетесіз?

– Момын дегенше, жаман десін. Жігітке мінез керек. Бұл жерде момын адамдарды кемсітіп отырғаным жоқ, бірақ қой аузынан шөп алмастың қай жерде тау қопарғанын көрдіңіз? Бір жетістікке жету үшін мінезін болу керек. Мінез – сатып алатын, таңдап алатын нәрсе емес, ол қанмен келеді. Момынмын деп айта алмаймын, бірақ сол мінезбен кісіге қиянат қылып жатқаным жоқ. Айтатын жерде айтамыз. Мінезді көбіне елдік мәселеде қолданамын.

Парламент Сенатында 47 сенатор болды. Солардың 30-дан астамы жеті жылда бір рет те аузын ашпастан кетті. Бұл сайлаушылардың алдына қалай ұялмай барады? Мейлі, Сенатта сөйлемей-ақ қойсың, ішінде өзара комитетте де өз ойларын білдірсе болады ғой. Комитетте өзара талқылап барып, Сенатқа шығады. Міне, сол комитеттің өзінде жұмған аузын ашпайды. Үзілісте келіп, «Қожеке, жақсы айттыңыз» деп қолымды алып жатады. Сол кезде «Жақсы айтқанымыз сенсіз де білемін, сен неге үндемедің? Неге айтпадың ойыңды? Неге мәселені көтермедің?» деймін. Сонда белсенділер қатарында Айтаханов, Жалмағамбетова, Ғани Қасымов сынды әрі кеткенде 5-7 адам болды. Астында жақсы көлік, басында баспана, тәп-тәуір айлық, Сол кезде жалақы 600 мың теңге еді, қазір 2-3 миллионға жеткен болар... Елдің сенімін ақтау керек қой.

– Өзіңіздің бастамаңызбен аймақтың басшыларына барып ақыл-кеңес айтатын кезіңіз бола ма?

– Әрине, болады. Бірақ қазір мені көп жиналысқа шақырмайтын болды. Негізі әңгімені мынадан бастайық. Ел басқару – Құдайдың маңдайға жазған бағы. Осыны сезіне отырып, елге еңбек ету керек. Көп басшылардан байқайтынмын, өзінен мықты маманды жұмысқа алмайды. Неге алмайды? Неген қорқарды? Мысалы, мен қала әкімі болып тұрған тұста Мұрат Әсербаев, Сержан Нәметша, Өлмесхан Болатбеков тәрізді орынбасарларым болды. Әрқайсысының өзінің атқаратын саласы бар және ол салаларға олардан артық ешкім бойлай алмайды. Мұрат Әсербаевты орынбасарлыққа тағайындағанда мен коммуналдық мәселелерді ұмыттым. Маған жеңіл болды.

– Сала мамандары туралы айтып өттіңіз. Сатылап өсу туралы не айтар едіңіз?

– Бүгінгінің негізгі мәселесі осында жатыр. Мен Ресейдің Томск қаласында оқыдым. Жолдамамен мені онтүстікке жіберген болатын. Бірақ мен келіспедім де, туған жерім Жалағашқа тура тарттым. Сол жақта құрылыс шебері, прораб, учаске бастығы, ПМК бастығы болып қызмет атқардым. Ал кейін мені бірде-бір прораб, болмаса учаске бастығы алдай алмайтын. Өйткені мен оның жұмысын біліп отырамын. Болатын нәрсені де, мүмкін еместі де ажырата аламын. Сатылап өскеннің кереметі осында жатыр. Қазір оқу орнын бітіріп келіп, министр болып отырғандар бар. Мен бұған келіспеймін.

– Басшы қандай болу керек?

– Бар нәрсені ұқсата білу керек. Жалағашта аудан басқарып отырған тұста облыс басшысы Бердібек Машбекұлы ауданнан лагерь ашып беруге шақырдым. Бекең сағат 10-30 шамасында жалғыз өзі келді де «Қожахмет, менің 12-де жиналысым бар. Тезірек ашайық», – деді. Мақұл дедім де су тартқыштың (водокачканың) орнынан салған лагерьге апардым. Облыс әкімі аң-таң. Ақша жоқ кезде сондай лагерь аштық, мақтанғаным емес. Қазір де сол лагерь елдің көдесіне жарап тұр. Темір жол салынған уақытта паровоздарға су керек болған да, Қағандариядан су тартқыш



Қожахмет БАЙМАХАНОВ,
«Асар-Холдинг» ЖШС бас директоры:

ЖАҚСЫ ӘКЕДЕН ТУҒАН ҰЛ ТАРТПАЙ ҚОЙМАС НЕГІЗГЕ

2000 жыл болатын. Мына бүгінгі әуежай 50 орындық гараждан салынған. Қазір 24 жыл болды, елге қызмет етіп келеді. Мен – құрылысшымын. Сондықтан көзім танып, ана ғимаратты осылай кәдеге асыруға болатынын білдім. Әркім өз ісімен айналысу керек.

Мен қалаға әкім болып келгенде әкімшілікте басшылыққа өзге ұлт өкілдері басым болды. Мен көзім танып тұрған істі тапсырамын, мүмкін еместі айтпаймын. Оларға тапсырма беріп он күн уақыт берсем, «ешқашан орындамайтын нәрсе ғой» деп қарап отыратын. «Сен істей алмасаң, басқалар істейді» деп талап қойдым. Өзімнің сонау құрылыс шеберінен бастап сатылап көтерілген еңбек жолым маған пайдасын тигізді. Кейін оларға тапсырма берсем, зыр жүгіріп кететін жағдайға жетті. Мәселен, 50 орындық гаражды әуежайға айналдырғанда өзін құрылысшы болған соң, тәуекел еттім. Өйткені құрылысшы құрылысты таниды.

Өмір болғаннан кейін бәрі де болады. Жақсы адамдармен жұмыс істедік. Өткенге айымыз да бар. Сан жылғы қызмет барысында өмір бізді тәрбиеледі. Қырық жасқа дейін бірінші басы болуды ешкім ойламайтын. Жасы қырыққа келіп, басы болып жатса, «Мынау ертерек басы болып қойды-ау» деп күмәнмен қарайтынбыз. Қазір көп салада кадр жағы ақсап тұр.

– Қаншама басшылық қызмет атқардыңыз. Өзіңізге ең қызығы қайсысы болды?

– Еңбек тәжірибемде 5 жыл совхоз директоры, 8 жыл ПМК басшысы болдым. Ауданды екі жыл, қаланы бес жыл басқардым. Маған сол жұмыстардың ішіндегі ең қызығы қала әкімі болуым еді... Жұмыс істеймін деген адамға қаланың әкімі болған қызық. Қаланың әкімі сол адамға да, әуежай жайлы сұрадым. Ал ол маған барлығын түсіндіріп берді. Облыс әкімі екеуіміз тұрғанда «Сәке, ана ғимаратты көрдіңіз бе?» дедім, қалың жыңғылдың арасында қалған әлгі гараждың қаңқасын көрсетіп. Ол не дегендей сұраулы жүзбен қараған оған сөзімді жалғап, «50 орынға арналған гараж, осыны әуежай етейік» дедім. Ол шошып кетті. Кейін Серікбай Нұрғисаев кабинетіне шақырып алды. Ақылдасып, кеңесіп отырып, іске кірісіп кеттік. Бұл

құрылыспен айналысып жүрміз. Өйткені бала-шаға, немерелер бар. Немерелерді оқыту керек.

– Аға, құрылыста сапаға емес, жылдамдыққа мән беріп жіберген жоқпыз ба?

– Мәселе жылдамдатқанда емес, кадр тапшылығында. Қазір 2-3 жыл болды, өзбек ағайындар келмей қалды. Енді өзіміздің балаларды үйретіп жатырмыз. Олардың арасында сылақшылар да, тас қалаушылар да бар. Негізі кадр жағына көптеп көңіл бөлу керек. Бізде маман тапшы салаларға қызықтырып, тарту керек. Шәкіртқысын көбейтіп дегендей. Біз 20-22-дегі жастарды алып, өзіміз үйретеміз. Олардың жақсы маман болуы үшін 2-3 жылдай уақыт кетеді. Басында қыш алып береді, кейін өзі өре бастайды. Бірақ 10 баланың үшеуі ғана құрылысшы болуы мүмкін. Жаратылысынан бойында бірнәрсе бар бала ғана алып кетеді. Ар жағында ынта болмаса, қанша үйретсең де ештеңе шықпайды. Өзбектердің келмей қалғаны дұрыс болды, өзіміздің қазақ балаларын тәрбиелеп жатырмыз. Жұмыссыздықтың азаюына сеп. Жастар теңтіреп, бос жүрмейді.

Тағы бір нәрсені айта кеткім келеді. Мен – құрылыс компаниясын

Адам өмірге келгеннен кейін соңына із қалдыру керек. Қазақ жөн сұрасқанда «кімнің баласысың?» дейді. Әкең елге сыйлы, еңбек еткен атақты адам болса, «О, айналайын, сол кісінің баласы ма едің?» деп, айналып-толғанады. Ал керісінше болса, «е-е-е» дейді де қалады. Жәнібек ханның ең мықты алты биінің қатарындағы Қазыбек бидің жалғыз ұлы болған екен. Елдің бәрі «Мына бала әкесіне тартпаған» деп жүреді. Бір соғыста Жәнібек хан шегініп келе жатқанда астындағы аты өледі ғой. Сонда Қазыбек бидің баласы Жәнібектің жаяу қалғанын байқап қалып, сонадайдан шауып келіп, астындағы атын береді. Хан баланың түріне қарап: «енді сен не қыласың?» дейді ғой. Сонда би баласы: «мен көп қазақтың бірінмін ғой. Сіз жаяу қалсаңыз, мына қалмақтар ертең Жәнібекті ұстадық деп айтады ғой» деген екен. Кейін сол баланы жаман дегендерге Жәнібек хан: «Таудан аққан тас бұлақ, құяды келіп теңізге, Жақсы әкеден туған ұл – қанша жаман десен де, Тартпай қоймас негізге», – деп жауап берген екен.

басқарып, жұмысын жүргізіп отырған құрылысшымын. Ал аймақтағы құрылыс компаниясы басшыларының 30-40 пайызы мүлдем құрылыс дегеннің не екенін түсінбейді. Шамалы ақша пайда болып, құрылысқа салып жатқандар ғой. Қызылордада ақшаны басқа қайда саласын?! Сапасыз құрылыс осыдан шығады. Өзі маман болмағандан кейін «ештенге етпейді» деп жүре береді. Сосын нысан сыр береді. Мен сондай жігіттерге «құрылысқа қалай қорықпай келіп жүрсіндер?» десем, олар қарамағында құрылысшы бар екенін айтады. Бірақ құрылыс жеңіл-желпі қарайтын нәрсе емес.

– «Адам тегіне тартып туады» дейді. Келісесіз бе?

– Адам өмірге келгеннен кейін соңына із қалдыру керек. Қазақ жөн сұрасқанда «кімнің баласысың?» дейді. Әкең елге сыйлы, еңбек еткен атақты адам болса, «о, айналайын, сол кісінің баласы ма едің?» деп, айналып-толғанады. Ал керісінше болса, «е-е-е» дейді де қалады. Жәнібек ханның ең мықты алты биінің қатарындағы Қазыбек бидің жалғыз ұлы болған екен. Елдің бәрі «мына бала әкесіне тартпаған» деп жүреді. Бір соғыста Жәнібек хан шегініп келе жатқанда астындағы аты өледі ғой. Сонда Қазыбек бидің баласы Жәнібектің жаяу қалғанын байқап қалып, сонадайдан шауып келіп, астындағы атын береді. Хан баланың түріне қарап: «енді сен не қыласың?» дейді ғой. Сонда би баласы: «мен көп қазақтың бірінмін ғой. Сіз жаяу қалсаңыз, мына қалмақтар ертең Жәнібекті ұстадық деп айтады ғой» деген екен. Кейін сол баланы жаман дегендерге Жәнібек хан:

«Таудан аққан тас бұлақ, құяды келіп теңізге, Жақсы әкеден туған ұл – қанша жаман десен де, Тартпай қоймас негізге», – деп жауап берген екен.

Кішкентайымда мен көп ит асырадым. Сондай сәттердің бірінде әжем маған «Айналайын, ақ Қожан, мыналарды қайтпексің?» дейді ғой. Мен дегенімнен танбай: «әже, бұлар овчарка болады» деймін. Құлағы мен құйрығын кесіп, әспеттеймін ғой. Әжем күліп: «бұралқы иттен қайдағы овчарка?» дейтін.

Қазақта «көргенсіз» деген ең ауыр сөз бар. Үлкендеріміз ренжігенде «өй, оның ар жағында түгі жоқ қой, көргенсіз ғой» деп отыратын. Түбінде не бар, сол болады. Тақырға еш нәрсе шықпайды. Бала ата-ананың жақсылы-жаманды қасиеттерін бойына жинайсың.

– Шыныңызды айтыңызшы, аға, қызметіңізді жеке басыңызға пайдаланған кезіңіз болды ма?

– Кеңестік кезеңде мұндай нәрселер біздің ойымызға да кіріп-шықпайтын. Өйткені оның арғы жағында түбі ұсталып қалатынымыз көрініп тұратын. Қадағалау, тексеру дегеніңіз қатаң, сол тәртіпке мойынсұндық. Басты мақсат елге қызмет ету болды. Осы елдің бір қисығын түзесек, сол бізге мақтанш болды. Перзенттік парыз деген ұғым санамызда жаңғырып тұратын. Сол кезеңде қызмет атқарған азаматтардың 70-80 пайызы осындай еді. Абырой бірінші орында тұрды.

Соғыстан кейін осы елді Алисов деген азамат басқарды. Алақандай қаланы кеңейтіп, айналасына ел қондырып, қаланың аумағын ат шаптырым етті. Халық Алисовты әлі күнге аузынан тастамайды. Қызметіңді жеке басыңа пайдалансаң, мұндай абырой арқалай алмайсың. Қанша қызмет істесең те, бағасың халық береді.

– Алла қуат берсін! Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен
Дәулет ҚЫРДАН



КІТАПҚҰМАРЛАР МЕРЕКЕСІ

Әбділда Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында «КІТАПшоу - 2024» кітап фестивалі өтті.

Кітапсүйер қауымды облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Қазбекова дүниежүзілік кітап пен авторлық құқықты қорғау күнімен құттықтады.

– 23 сәуірді дүниежүзілік кітап күні деп атауының үлкен мән мағынасы бар. Әлемдік деңгейдегі жазушылар Сервантес, Уильям Шекспир және Дрион сияқты көптеген ақын жазушыларымыз дәл осы күні дүниеге келіп, өмірден өткен екен. Осыған байланысты 1995 жылы Парижде өткен конференцияда 23 сәуір дүниежүзілік кітап күні деп аталған. Содан бері осы күн республика көлемінде барлық облыс, қала және аудан орталықтарында бір күнде, мезгілде кітап көрмесі өткізіліп жатыр. Биыл руханият жылы болып жарияланғандықтан барлық аудан орталықтарында тиістік үлгідегі руханият орталықтары салынууда. Қазіргі таңда 1905 жылы салынған кітапханалар бар. Осыған сәйкес алдағы уақытта руханият орталығын пайдалануға беру арқылы кітапханалардың мәселесін түбегейлі шешеміз, – деді Мира Қазбекова.

Көрмеге зиялы қауым өкілдері, ақын және мұғалімдер мен кітапхана оқырмандары қатысты. Сондай-ақ жоғары оқу орындары мен колледж студенттері және мектеп оқушылары да кітап көрмесін тамашалады. Сонымен қатар фестивалге келген отбасы христоматиясының өкілі Сәкен Жүргенов «Әлден эпосқа дейін» кітабының шығу тарихы мен алдағы жоспарын айтып берді.



– Отбасы христоматиясы жобасы 2012 жылы басталған. Ең алғаш балаларға арналған «Әлден эпосқа дейін» кітабы басылып шықты. Бұл кітап жақсы таралды. Негізі бұл жобаны авторлар сынақ ретінде балаларға рухани тәрбие беру бағытында шығарды. Яғни 6-13 жас аралығындағы балаларға негізгі құндылықтарды үйрету мақсатында жұмбақ, жаңылтпаш, тақпақтардан бастап қисса әлеміне өтіп, ғайып әлеміне жалғасады. Алдағы уақытта «Сыр алқасы» атты оқырмандар клубын құрамыз. Онда кең көлемде кино, театр және қазақ классиктерінің шығармаларын талдау арқылы кітап оқу мәдениетін қалыптастыру көзделіп отыр, – дейді Сәкен Жүргенов.

Облыстық Әбділда Тәжібаев атындағы ғылыми әдістемелік кітапханасының директоры Нұрлыбек Мыңжас биыл руханият жылында кітапханада қандай өзгерістер болатынына тоқталды.

– Бұл фестивалдің мақсаты – кітап оқу мәдениетін көтергі, жана әдебиеттерді насихаттау. Кітап оқу мәдениетін көтеруге байланысты мемлекет басшысы Атырауда өткен үшінші құрылтайда 7 күн 24 сағат жұмыс істейтін түнгі кітапханалар ашу идеясын көтерген болатын. Осы

бағытта облыс әкімінің қолдауымен Әбділда Тәжібаев атындағы кітапхананың залын жана ғимарат салынғанша қайта жөндеу жұмыстары жүргізілмек. Биыл облыс әкімі әр ауданға руханият орталығын салу бойынша шешім қабылдады. Алдағы уақытта осы руханият жылының аясында руханият орталықтарының қатарында кітапханаларда халыққа заманауи үлгіде қызмет көрсететін болады, – дейді Нұрлыбек Мыңжас.

Көрмеге келушілерге арнайы «Жырлайды Сырдың жастары» атты ақындырмен кездесу кеші өтіп, «Ертегілер елінде» ертегі кейіпкерлерінің шеруі өтті. Онда кішкентай бұлдіршіндер ән айтып, би билеп өнер көрсетті. Мұнан бөлек «Ақын-жыраулар жырлайды» атты жыр кеші ұйымдастырылса, қолөнер шеберлері «Қолөнер – ұлт қазынасы» атты түрлі бұйымдар жәрмеңкесін өткізді. Кітап дүкендерінің қызметкерлері «Жаңа кітаптар әлемі» көрме-инсталляциясы мен «Кітаптар әлемі шақырады» атты түрлі тақырыптағы кітаптарды ұсынды. Ал «Библио-коффе» сұрақ-жауап арқылы тегін кофе алу ойындарын өткізді.

НАЛТЫН

Бүгінде елімізде «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясының үшінші аптасы «Жасыл аймақ» тақырыбында жалғасуда.

«ЖАСЫЛ АЙМАҚ» ТАЗАЛЫҚҚА ҮНДЕЙДІ

Қоршаған ортаны таза әрі ұқыпты ұстау – әрбір азаматтың басты парызының бірі. Себебі табиғат – баршамызға ортақ құнды байлық. Қазақта ежелден табиғатты аялауға, жақсы көруге үлкен мән беріледі. Сол үшін де атадан балаға жалғасқан игі іс халық арасында өз құндылығын жоғалтқан емес. Сондықтан да дәстүрін дінгек еткен дана халқымыз көптеп шығысымен аумақты көкжелекке айналдыруға атсалысып, тал отырғызуға белсенділік танытып келеді.

Осы ретте қаладағы бір топ ардагерлер және зиялы қауым өкілдері Қорқыт ата ескерткіші маңында сыр талын отырғызып, акцияға өз үлестерін қосты. Бұдан бөлек, ардагерлер ескерткіш аумағына гүл екті. Шара барысында облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Өмірбек Шәменов акцияға қатысты өз пікірін білдіріп, жас ұрпаққа табиғаттың жанашыры болуға және айналасы барынша таза ұстауға шақырды. Осы арқылы аймағмыздың экологиялық ахуалын жақсартып, жан-жағмызды жасыл-желекке айналдыруға үлкен мүмкіндік болары сөзсіз екенін тілге тиек етті.

Сонымен қатар туған өлкесін түлетуге атсалысып жүрген аймақтың 100-ге жуық белсенді жасы да осы Қорқыт ата ескерткіші маңында ағаш отырғызып, акцияға қолдау білдірді. Сондай-ақ жастар ескерткіш аумағын қоқыстан тазартып, ондағы ағаш дінгектерін әктеп, сырлауға атсалысты.

Сондай-ақ жастар акцияны қызықты әрі ерекше өткізу мақсатында тұрғындарға тіл үйірет тәтті балмұздақтар таратып, ескерткіш аумағында «Бауырсақ рату» ұйымдастырды. Қала тұрғындары жастардың мұндай белсенділігіне ризашылықтарын білдіріп, өз алғыстарын жеткізді.

– Қалада тазалық акциясы қарқынды өтуде. Қарияларымыз да, жастарымыз да атсалысып жатыр. Әсіресе жастар жағы белсенділік танытуда. Арнайы бауырсақ пісіріп, оны таратып, шараны өзгеше етіп өткізуде. Жас ұрпақтың туған жерге осындай қамқорлығын көргенде қуанып қаласын, – дейді қала тұрғыны, зейнеткер Абзал Уәлиев.

Көптен бірге атқарылған жұмыс көңіл қуантады. Игі шара барысында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студент жастары, волонтерлер және республикалық «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының облыстық филиалының мүшелері, Ассамблея жастары да экологиялық акцияда белсенділік танытып, тазалық жұмысын жүргізді.

Ақтолық НҰРЛЫБАЙ

Сурет өңірлік коммуникациялар қызметінен алынды



МИНИСТР САПАРЫ: КЭМЕРОН КЕЛГЕН КЕЗ

Қазақстан мен Ұлыбритания арасында экономикалық байланыс көрсеткіші жаман емес. Жыл сайын еларалық сауда айналымы 2,6 млрд фунт стерлингтен асып жүр. 500-ге жуық британлық компания тау-кен, бағалы минерал өндірісінде көш бастап келеді. Мысалы, 2022 жылдан бері Қазақстанда жұмысын бастаған Weir биыл тау-кен өндірісіне керекті құралдар сату бойынша 25 млн фунт стерлинг пайда тауып, елде жаңа сауда желісін құрды. Бған қоса, фармацевтикалық AstraZeneca, транспорттық Caprak Transformer компаниялары елде пайда табады.



Қазақстанның Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу Ұлыбританиялық әріптесімен кездесуде бұл бағытта атап өткенін білеміз. Ол:

«600 белдеді британлық компания Қазақстанда көсіп жүргізуге мүмкіндік жасадық. БҰҰ-ның жарғысы мен халықаралық құқық принциптері туралы ұстанымдарымыз өзімізге аян. Сондай-ақ бұрыннан келе жатқан көпжақты байланысымызды дамытуға бейбіміз», – деген болатын.

«ЖҰМСАҚ КҮШ»: АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ ҮСТЕМІ

Қаруға ырық бермеген күшті қаламмен басу бұрыннан бар әдіс. «Жұмсақ күш» Ресей, Ұлыбритания да мұндай тәжірибені асырлар бойы қолданып келеді. Нәтижесі анық. Бүгінде жарты әлем ағылшын тілінде сөйлесе, ТМД елдерінде орыс тілін білмейтін адам кемде-кем. Министр сөзінше, болашақта Орталық Азиядағы тілдік тартыс жана деңгейге көшеді. Ұлыбритания аймақ тұрғындарына ағылшын тілін үйрету саясатына басымдық бермек.

Жоба да дайын екен. «Орталық Азиядағы әрбір мұғалімнің ағылшын тілінде сабақ беруіне мүмкіндік жасағмыз келеді. Мұны Британ кеңесі мен онлайн әдістеме арқылы жүзеге асыру идея бар», – деді министр.

Сөз болған Британ кеңесі әлемге ағылшын тілінің таралуын жүзеге асырумен айналысады. Дэвид Кэмерон Орталық Азиядағы кез келген ағылшын пәнінің мұғаліміне аталған кеңесті оқу құралы қолжетімді болатынын баса айтты. Сондай-ақ қазақстандықтар үшін Chevening стипендиясының санын ұлғайтып, магистратура бағдарламасы бойынша британлық университеттерде білім алуға болатынын білдік.

Мұндай жүйелі тілдік байланыс бұрыннан бар. Есте болса, Оксфорд университеті жанынан құрылған Birsöz Initiative Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, «Тіл-Қазына» қазақ тілі орталығы, «Болашақ» білім беру бағдарламаларымен меморандумға отырған. Соның нәтижесінде педагогикалық дайындық, стипендиялық бағдарлама, ғылыми ортадағы тәжірибе алмасу жүйелі.

Мұндай келісімдерді Ковентри университеті, Белфаст университеті де ұйымдастырып, ко-дипломдық жобалар жүзеге асқан. Министр сапарынан соң бұл бағыттағы жұмыс жалғасын таппақ.

Әрине, ағылшын тілі әлемдік тіл дәрежесіне көтеріліп, ғылым тіліне айналды. Алайда Орталық Азияда тұрмыстық қолданыс пен қарапайым халық сөйлейтін қатарлас тілге айналатынына күмән көп. Оның үстіне әр келген жетекші шеңберінің лингвистикалық реформа жасауға бағытталған амбициялық жоба айтатынына егіміз үйренгендей. Мысалы, өткен жылы жұмыс сапарымен келген Эммануэль Макрон да Қазақстанда француз тілін өрістетуді армандайтынын жеткізген болатын. Қазақ қоғамында орыс тілінің ықпалына қатысты дау қызған тұста үшінші тілдің тартысы орынсыз-ақ.

P.S. Әр нәрсенің бастауы бар. Дэвид Кэмеронның Орталық Азияға сапары, екі ел арасындағы стратегиялық келісім тегі емес. Өткен жылы Ұлыбритания үкіметі «Қиындықтағы елдер: Орталық Азиядағы Ұлыбритания ықпалы» («Countries at crossroads: UK engagement in Central Asia») атты баяндама жариялаған болатын. Онда өңірдің стратегиялық маңызы, алдағы әлеуеті және ағылшындардың мақсат-мұраты жинақталған. Бұл ақпарат ағылшын тілінде ортада көп талқыланатын, шығысқа басымдық берілуі кереті айтылды. Бұл – болашақта аймақта «жаңа ойыншы» пайда болады деген сөз.

Ерсін ШАМШАДИН

Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық Статистика бюросының Қызылорда облысы бойынша департаментінде тіл саясатын дамыту мәселелеріне қатысты семинар өтті.

Жиынды департамент басшысы Қайрат Әбсұлтанов ашып, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту және оның дамуы мен насихатталуына назар аудару қажеттігіне тоқталды. Департаменттің қазақ тілі бойынша жауапты маманы Гүлжайна Ыдырысқызы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сай қазақ тілін дамыту бағытында атқарылған жұмыстарға кеңінен тоқталды.

Баяндамашының сөзінше, мекемеде мерекелік жиында тек қазақ тілінде жүргізу үрдісі қалыптасқан. Мұнда жұмыс істейтін орыс, татар, корей ұлтының өкілдері қазақ тілін өз ана тілінің деңгейінде меңгерген және барлық қоғамдық жұмысқа атсалысады. Қызметкерлер «Еркін

СТАТИСТИКА ҚАЗАҚША СӨЙЛЕЙДІ



ел ұрпағы» жалпұлттық патриоттық диктант жазуға белсенді қатысқан. Мекемеде тілге деген құрмет жоғары дәрежеде насихатталып келеді.

Жиында сөз алған социоллингвист-ғалым, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қауым-

дастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Аман Абасилов тілдің келешегі, ана тіліміздің тұғыры биік болуының маңызына тоқталды.

– Ана тілі – отбасы тілі екенін ұмытпаңыздар. Отбасында ана тілінде тәрбие алмаған, білім алмаған

бала отбасына да, еліне де жаны аши қоймайды. Мемлекеттік тіл еліміздегі қай тілден де лауазымы биік, мерейі үстем тіл. Сондықтан ол алдымен қатардағы мемлекеттік қызметкерден, білік тұтқасын ұстап отырған барлық шенділердің тіліне айналуы керек. Сонда ғана қазақ тілінің мәртебесі көтеріледі, – деді ол.

Мұнан соң облыстық қоғамдық даму басқармасының бөлім басшысы Ләззат Есім баяндама жасады.

– Қазіргі таңда елімізде мемлекеттік тілді дамыту бағытында көптеген шара іске асырылууда. 2023 жылдың сәуір айынан бастап Қазақстандағы ең танымал іздеу жүйелерінің бірі 2GIS(Ту ГИС) карталар мен ұйымдар туралы деректерді мемлекеттік тілде ұсына бастады.

Республика бойынша алғаш болып Сыр өңірінде бастау алған «Қоғамдық

дарындағы ас мәзірлерінің мемлекеттік тілдегі лингвистикалық базасын қалыптастыру» әлеуметтік жобасы аясында жергілікті филолог ғалымдардың жүргізген ғылыми зерттеу жұмысының нәтижесінде «Мемлекеттік тілдегі ас мәзірі мен тағам атаулары: қазіргі жағдайы, проблемалары» атты монография-анықтамалық пен «Тағам атаулары» сөздігі жарық көріп, кәсіпкерлік палатасына, қала, аудан әкімдіктеріне, кітапханаларға, оқу орындарына таратылды. Бүгінде бұл әдістемелік құралдардың электронды нұсқалары республика көлеміне таратылууда, – деді бөлім басшысы.

Жиын барысында айтыскер ақын, Н.Бекеежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрының директоры Мұхтар Ниязов, «Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығы» КММ оқу-әдістемелік бөлімінің басшысы Гүлбану Сембизова мемлекеттік тіл мәселесіне қатысты ұсыныс-пікірлерін білдірді.

Гауһар АСҚАРҚЫЗЫ

1937-1938 жылдардағы Сталиндік репрессия Алаштың небір азаматының басын жұтқанын әркім-ақ біледі. Бұл мақала жазықсыз айдау көріп, өлім құшқан сондай жақсылардың бірі Мұқан молда жөнінде болмақ. Сол кезінде Қостанай облысы, Жангелдин ауданына қарасты Ақшығанак табанынан бірнеше адам түрлі жаламен атылып кеткен. Олар: Ахмет Әтейұлы, Атынтай Мырзашұлы, Тұрғынбек Лашынулы, Сірікбай Әлсүгірұлы, Ахмет Иманқұлұлы және Мұқан Бактыбайұлы.

«Бозингеннің қуысы» деген жер екен. Мұқан молда сол жерді тауып, белгі қояды. Белгі қойылған адамдар жай ғана емес, Ақназар әулие, Қараман ата әулие деген кісілер екен, содан Мұқан молдаға қасиет қонады. Осы күннен бастап ғажайыптысым күшке ие болған молда кітап ашып, дем салу арқылы түрлі дерттерді емдейді.

Бірде Мұқан молда көмек сұрап келген жерге өзі бармай баласын жіберген кезі де болыпты. Бір күні көршілес жатқан

босанғанын көреді. Разы болған үй иелері Сұлтанбекті сый-сияпатымен үйіне әкеп тастайды. Келген соң Мұқан молда баласына ренжіп: «өй, саған айқайлап кір демеп пе едім!? Егер мен перілерімді жібермегенімде әлгі мақұлық сені қағып кетер еді» депті. Сұлтанбекті желкеден түйіп жіберген молданың бағыншытысы екен.

Осымен молданың құпия-сырға толы істерін тәмамдап, қалай репрессия құрбаны болғаны жөнінде айтылатын сөзге тоқталсақ. Тұтқындаушы милиционер молдаға келіп: «Аспаннан түскен алтын кітап сенде деп естіді, қайда?» дегенде Мұқан молда «сен Торғайдан шыққанда-ақ келген жағына қайта кеткен» депті. Ол уақытта барлық тұтқындалғанды Ақшығанактан Торғайға жаю айдап апарды екен.

Зұлмат заманның құрбаны болған Мұқан молдаға балалары, ел адамдары кейіннен қазақтың бұрыннан қалыптасқан жолымен елде, Сүттібай-Альбай деген жерлердің аралығында белгі орнатқан. Соңғы жылдары желмен, судың шаюымен бүлінген белгіні өткен жылы ұрпақтары қайта көтеріп жаналады.

Мұқан молданың есімін тарихта қалдырып, келешекке жеткізу мақсатында жазылған мақалада Марат Қайсарбекұлының деректерін пайдаландық. Ал ол кісіге ұрпақтары барынша пайдалы мәліметтерді ұсынған екен.

Сабина АЙТҚАЗИНОВА,

Молдір ШОТАЙ,

Роza PAXИМОВА,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

филология факультетінің І-курс студенттері.

Ғылыми жетекшісі Фатима ҚОЗЫБАҚОВА,

т.ғ.к., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры

РЕПРЕССИЯ ҚҰРБАНЫ — МҰҚАН МОЛДА

Нақты қай жерде екені белгісіз болса да, Мұқан молданың діни оқу оқығандығы ақиқат. Әрине, онсыз үлкен молда болу мүмкін де емес шығар. Десе де, Мұқанның аты шыққан молда болуы ерекше жағдай, тылсым оқиға. Ол жары Рақыш Шығанбайқызымен бас қосқан соң біраз уақыт балалы бола алмайды. Содан шарапаты тиер деген үмітпен Сұлтан есімді хазіреттің алдына барады. Сонда Хазірет Мұқан молдаға бір болған жайды айтады. Ертеректе жолаушылар бара жатқан 7 кісіні қарақшылар өлтіріп, аты мен дүние-мүлігін тартып әкеткен екен. Марқұм болғандар іздеуісіз, атаусыз қалған. «Сен сол марқұмдардың жатқан жерге белгі орнат» дейді Сұлтан хазірет. Ол жерді қалай табатындығын сұраған Мұқанға Хазірет әлгі жерге барғанда алдынан қарақұс ұшатынын, аяғының ізі қалатынын, сол жерге орнату қажеттігін айтады. Бұл қазіргі Ырғыз ауданына қарасты Нұра ауылының аумағына кіретін

кіші жүз ауылдарының бірінен адам келіп, бір әйелдің босана алмай қиналып жатқанын айтады. Молда өзі бармай, үлкен ұлы Сұлтанбекті жібереді. Сұлтанбек сол кезде 15 жаста екен. Молда баласына: «Қазір барғаныңда әйелдің үстінде жатқан ит тәртізес бір мақұлықты көресің, айқайлап кір де, қамшымен ұрып өт» деп тапсырады. 15 жастағы бозбала Сұлтанбек әкесінің «айқайлап кір» деген сөзін есінен шығарып, қамшысын алып кіріп барғанда әлгі өзге адамдарға көрінбей, әйелдің үстін басып жатқан құбыжық бұған жалт қарайды. Мақұлықтың түрінен шошыған Сұлтанбек қорыққанынан қалшып тұрып қалады. Сол кезде желкесінен біреу келіп түйіп жібергенде соның екпінімен барып әйелдің үстінен түсіп, жылыстай берген әлгі мақұлықты осып өтеді. Көз алдына құстар ұшқандай түрлі елестер келеді, інғалаған баланың дауысы естіледі. Есін жинағанда әйелдің аман-есен

Меншік ісесі:



Бас директорының міндетін атқарушы Марат АРАЛБАЕВ
Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тірлеу күзегі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдарды пікірлер редакция қозғармасын сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру несінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» басып үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242)40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 2902 Тапсырыс №660

Нөмірдің кезекші редакторы Ақтолық НҰРЛЫБАЙ